

**«ALIKHAN BOKEIKHAN UNIVERSITY»  
БІЛІМ БЕРУ МЕКЕМЕСІ**

**7M04108 ІСКЕРЛІК ӘКІМШІЛІК (MBA),  
7M04118 ІСКЕРЛІК ӘКІМШІЛЕНДІРУ (EMBA)  
БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫНА  
ТҮСЕТІН ТҰЛҒАЛАР ҮШІН,  
СҰХБАТТАСУ ЖӘНЕ ҚАБЫЛДАУ БАҒДАРЛАМАСЫ**

Семей қ., 2023 ж.

## АЛҒЫ СӨЗ

### Осы бағдарлама:


#### 1. Әзірленді:

Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру орталығының бастығы:


Шаяхметова Л.М.  «03» 10 2023 ж.  
(қолы)

#### 2. Келісілді:


Оқу-әдістемелік жұмыс жөніндегі проректор:

Жарықбасова К.С.  «03» 10 2023 ж.  
(қолы)

Стратегиялық даму және ғылым жөніндегі проректор:

Кайшатаева А.К.  «03» 10 2023 ж.  
(қолы)

Заң қызметі бөлімінің басшысы-заң кеңесшісі:

Эфендиев Э.И.  «03» 10 2023 ж.  
(қолы)

#### 3. Бекітілді:

Ректор:

Койчубаев А.С.  «03» 10 2023 ж.  
(қолы)



## МАЗМҰНЫ

|   |   |
|---|---|
| 1. Жалпы ережелер .....   | 4 |
| 2. Мақсаттары мен міндеттері .....  | 4 |
| 3. ЕМВА және МВА бағдарламалары бойынша магистратураға түсушінің даярлық деңгейіне қойылатын талаптар ..... | 5 |
| 4. Сұхбаттасуды өткізу .....  | 6 |
| 5. Апелляция беру тәртібі .....   | 7 |

## 1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

ЕМВА және МВА білім беру бағдарламалары бойынша магистратураға қабылдау ережесі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 600 бұйрығымен бекітілген Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгі ережелері және Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі № 2 бұйрығымен бекітілген Жоғары оқу орнынан кейінгі мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты негізінде жүзеге асырылады.

## 2. МАҚСАТТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

**МВА білім беру бағдарламасының мақсаты** - өнеркәсіптің кең ауқымды салаларында үздік халықаралық тәжірибелер мен дағдыларды қолдану арқылы бизнесті басқару және басқару саласында менеджерлерді табысты мансапқа дайындау.

**Executive MBA (EMBA) мақсаты** – топ-менеджерлердің стратегиялық менеджмент саласындағы негізгі құзыреттерін, озық көшбасшылық әдістемелерін, үздік халықаралық тәжірибелер және салалардың кең ауқымындағы тәжірибелерін дамытып бизнес басқару саласында табысты мансапқа дайындау

**МВА, EMBA бағдарламаларының негізгі міндеттері:**

- Теориялық және практикалық білімді біріктіру, сондай-ақ кәсіпкерлік және бизнесті басқару саласындағы түйінді дағдыларды дамыту;

- Кең ауқымды іргелі білімі бар және еңбек нарығы мен қазіргі заманғы технологиялардың тез өзгертін талаптарына бейімделе алатын кадрлар даярлау. Олар жеке және командада да жұмысқа дайын болуға тиіс;

- Магистранттар үшін экономика мен басқарудың қазіргі заманғы бағыттарына мамандандыратын жеке білім беру траекториясын таңдау мүмкіндігін жасау;

- Оқу процесін икемді және ұтқыр жоспарлауды қамтамасыз ету, білім берудегі пәнаралық тәсілді және аудиторлық сабақтар мен дербес жұмыстың оңтайлы үйлесімін қолдау;

- Магистранттардың өзін-өзі жетілдіру және өзін-өзі дамыту қабілетін дамыту, олардың барлық белсенді мансап жолында жаңа білімдерді өз бетінше шығармашылық тұрғыдан меңгеру қажеттілігі мен дағдыларын ынталандыру.

Аталған мақсаттар мен міндеттер МВА, EMBA бағдарламаларының түлектеріне қазіргі заманғы бизнес-әлемінің сын-қатерлерін сәтті шешуге және экономика мен басқаруды дамытуға белсенді қатысуға мүмкіндік береді.

**7M04108 Іскерлік әкімшілік (МВА), қалыптасатын оқыту нәтижелері**

Бизнесті дамытудың тиімді стратегияларын талдау және тұжырымдау үшін стратегиялық басқару әдістерін қолдану;

Кешенді бизнес-зерттеулер жүргізіп, нәтижелерді шешім қабылдау үшін пайдалану;

Стратегиялық басқару шешімдерін қабылдау үшін қаржылық есеп және талдау дағдыларын көрсету;

Жобалық қызметті жоспарлауды, орындауды және мониторингті қоса алғанда, жобаларды тиімді басқару;

Бренд құндылығын арттыру үшін оны басқарудың сәтті стратегияларын әзірлеу және енгізу;

Ұйымдастырушылық мінез-құлық пен қызметкерлерді басқарудың тиімді әдістерін қолдану арқылы адамдар мен ұйымды басқару;

Кәсіпкерлік қызметте бизнес-процестердің инновацияларын және реинжиниринг әдістерін енгізу;

Тұтынушылардың мәдени факторларын ескере отырып, мінез-құлқын бағалау және олардың қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін ең тиімді стратегияларды қалыптастыру;

Келіссөздер жүргізу, жанжалдар мен бизнес-міндеттерді шешу мәселелерінде іскерлік коммуникация, дипломатия және көпмәдениетті құзыреттілік дағдыларын қолдану;

Халықаралық бизнес пен саудаға қатысты құқықтық мәселелерді бағалауда құзыреттілік пен байыптылықты көрсету.

### **7M04118 Іскерлік әкімшілендіру (EMBA), қалыптасатын оқыту нәтижелері**

Бизнесті дамытудың тиімді стратегияларын талдау және тұжырымдау үшін стратегиялық басқару әдістерін қолдану;

Кешенді бизнес-зерттеулер жүргізіп, нәтижелерді шешім қабылдау үшін пайдалану;

Стратегиялық басқару шешімдерін қабылдау үшін қаржылық есеп және талдау дағдыларын көрсету;

Жобалық қызметті жоспарлауды, орындауды және мониторингті қоса алғанда, жобаларды тиімді басқару;

Бренд құндылығын арттыру үшін оны басқарудың сәтті стратегияларын әзірлеу және енгізу;

Ұйымдастырушылық мінез-құлық пен қызметкерлерді басқарудың тиімді әдістерін қолдану арқылы адамдар мен ұйымды басқару;

Ұйымның операциялық тиімділігін арттыру үшін бизнес-процестерді түбегейлі қайта қарастыру және қайта құру әдістерін енгізу.

### **3. EMBA ЖӘНЕ MBA БАҒДАРЛАМАЛАРЫ БОЙЫНША МАГИСТРАТУРАҒА ТҮСУШІНІҢ ДАЯРЛЫҚ ДЕҢГЕЙІНЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР**

МВА және ЕМВА білім беру бағдарламалары тереңдетілген кәсіби дайындығы бар экономиканың және кәсіпкерліктің әртүрлі секторлары үшін менеджмент мамандарын жоғары оқу орнынан кейінгі даярлауды қамтамасыз етеді. МВА және ЕМВА оқу бағдарламалары басқарушылық дағдыларды дамытуға және түлектердің бизнестің әртүрлі аспектілерінде басқарушылық дайындығына негізделген, қолданбалы оқыту тәсіліне бағытталған.

Оқыту мерзімі:

МВА білім беру бағдарламасы: 2 жыл;

ЕМВА білім беру бағдарламасы: - 1 жыл.

Бірлескен білім беру бағдарламалары бойынша оқуға «бакалавр» немесе маман академиялық дәрежесі бар тұлғалар қабылданады (басқару тәжірибесі құпталады).

Әңгімелесуді өткізу ОРНЫ мен УАҚЫТЫ туралы ақпарат алдын ала 5 күн бұрын университеттің ресми сайтында және әлеуметтік желілерінде жарияланады.

Талапкер әңгімелесуге келмеген жағдайда әңгімелесу күні ауыстырылмайды және 0 балл қойылады.

**Оқуға түсуге қажетті құжаттар тізімі:**

- 1) Ректордың атына жазылған өтініш;
- 2) жеке куәлік (жақсы сападағы көшірме);
- 3) 075/у нысаны бойынша медициналық анықтама;
- 4) диплом қосымшасымен (түпнұсқа);
- 5) еңбек кітапшасының көшірмесі немесе жұмыс орынынан анықтама (болған жағдайда);
- б) үш фотосурет өлшемі 3x4 сантиметр.

#### **4. СҰХБАТТАСУДЫ ӨТКІЗУ**

Түсу емтихандары Alikhan Vokeikhan University ресми сайтындағы «Талапкерлерге» бөлімінде орналастырылған бекітілген кесте мерзіміне сай сұхбаттасу түрінде өткізіледі. Үміткерлердің жауаптарын Ректордың бұйрығымен бекітілген комиссия мүшелері бағалайды.

Оқуға түсушілерден жауаптар жазбаша түрде алынады. Сұхбаттасу сұрақтары білім беру бағдарламалары бойынша оқуға жалпы кәсіптік дайындығын анықтайды.

Сұхбаттасу хаттамамен ресімделеді және оған комиссия төрағасы, комиссия мүшелері және хатшы қол қояды.

#### **СҰХБАТТАСУДЫ БАҒАЛАУ КРИТЕРИЙІ**

Сұхбаттасу түсушінің кәсіби және жеке қасиеттерін бағалауға бағытталған.

| <b>№</b> | <b>Критерийі</b> | <b>Дескрипторлар</b>   | <b>Баллдары</b> |
|----------|------------------|--|-----------------|
| 1        | Кәсіпқойлық      | Терминологияны меңгеру, ағымдағы жағдайды талдау және бағалау, болжай білу | 2               |

|                         |              |  |          |
|-------------------------|--------------|--|----------|
| 2                       | Мотивация    | Таңдалған БББ бойынша магистратурада оқуға арналған уәждерді дәлелдеу. Оқытуды аяқтау бойынша кәсіби және жеке өсу перспективаларын пайымдау | 1        |
| 3                       | Шығармашылық | Сыни ойлау, мәселелерді, ситуациялық тапсырмаларды шешудің шығармашылық және балама тәсілдерін қолдану.                                      | 2        |
| <b>Ең көп ұпай саны</b> |              |  | <b>5</b> |

**Сұхбаттасу қорытындысы – бағалау түсініктемелерімен сұхбаттасу күні талапкерлерге жарияланады.**

## **5. АППЕЛЯЦИЯ БЕРУ ТӘРТІБІ**

1. Магистратураға түсетін тұлғалардан апелляцияға өтініш апелляциялық комиссия төрағасының атына беріледі. Өтініштер сұхбаттасу нәтижелері жарияланғаннан кейін келесі күні сағат 13.00 ге дейін қабылданады және өтініш берілген күннен бастап бір күн ішінде университетте апелляция комиссиясы қарайды.

2. Апелляциялық арызда баяндалған нақты фактілер қаралуға жатады